

«Бекітемін»
«Қазақстан географиясы және
экология» кафедрасының меңгерушісі
Сабденалиева Г.М.

**Алматы қаласы №58 жалпы білім беретін мектепте өткен «География-
туризм» мамандығының 4 курс студенттерімен өткізілген
педагогикалық практиканың есебі.**

Әдіскер Иркитбаев С.Н

Педагогикалық практика Алматы қаласында, 2017 жылы 16 қаңтар мен 20 наурыз аралығында өтті. Құрамында 9 студент бар. Топпен өткізілді. Мектепте педагогикалық практика өткізуге толық мүмкіндік бар, сыныптар тобы жеткілікті, мектеп мұғалімдері (Мырзылиева А. Сыздыкова.Ұ), талапқа сай жабдықталған география кабинеті, интерактивті тақта жүйесі бар.

Практика уақыты қысқа, әрі бір рет қана өткізілетіндіктен, студент практиканттар 5-11 сынып аралығындағы барлық сыныптарда сабақ өткізді. Әрбір студент практика барысында орташа есеппен 10-12 сабақ көлемінде оқу сабақтарын жүргізді. Әрбір сабақ студенттер, әдіскерлер мен мұғалімдердің қатысуымен талданып, кемшілігі мен жетістіктері ажыратылып, дер кезінде ақыл-кеңес айтылып, бағаланып отырды. Әрбір студентке сабаққа толық талдау жасауға және жеке дәптер арнау керектігі айтылып, онда қандай мәселелерге көңіл аудару жайлы мағлұматтар берілді. Әрбір өткізілген сабақ қажет деген көрнекіліктермен, дидактикалық, интернеттен алынған материалдармен қамтамасыз етіліп, қосымша хрестоматиялық және ғылыми-танымдық ақпараттармен толықтырылып отырды. Ол үшін кафедрадағы және мектептегі барлық оқу материалдары пайдаланылды (карталар, сызбалар, видео және СД касеталар). Сондай-ақ практика барысында білім берумен қатар, үздіксіз экологиялық, экономикалық және патриоттық тәрбие беру мәселесі де басты назарда ұсталынды.

Жекелеген студент-практиканттар өткізген конференция, қайталау, ойын элементтерін пайдалану, сайыс сабақтары сияқты дәстүрлі емес сабақ түрлері, мектеп ұжымы мен әдіскерлер көңілінен шығып, жоғары бағаға ие болды.

Ондай сабақтар қатарына:

- «Физикалық және химиялық құбылыстар » тақырыбына 5 сыныптар арасында интерактивті тақтаны пайдалану арқылы өткізілген жарыс сабағы;
- «Оңтүстік Америка» тақырыбына 7 сыныптарда жаңа технологиялық аралассабақ өтті;
- «Африканың өзендері мен көлдері»тақырыбына 7 сыныптарда интерактивті тақтаны пайдалану арқылы сабақ өтті;
- «Тұран жазығы» тақырыбында 8 сыныптарда жаңа технологиялық аралас сабақ өтті;
- «Орталық Қазақстан » тақырыбында 9 сыныптарда жаңа технологиялық аралас сабақ өтті;
- «Шығыс Қазақстанның шаруашылық географиясы»тақырыбында 9 сыныптарда жаңа технологиялық аралас сабақ өтті;
- «Халықаралық қаржы-қаражат жүйесі» тақырыбында 10 сыныптарда жаңа технологиялық аралас сабақ өтті;
- «Ресей Федерациясының экономикалық аудандары »тақырыбына 10 сыныптар арасында интерактивті тақтаны пайдалану арқылы өткізілген жарыс сабағы;
- «Канада» тақырыбында 11 сыныптарда жаңа технологиялық аралас сабақ өтті;
- «Жас географтар білім сайысы» 10 сыныптар арасында өтті;
- «Сарыарқа» тақырыбына арналған аралас сабақ 8 сыныпта өтті;

Сабақтарды өткізу барысында сонымен қатар Қазақстанның барлық қажетті оқу карталары, перфокарточкалар, суреттер, слайдтар, үлгілер, оқу фильмдерінен үзінділер және т.б. көрнектілер қолданылады. Бұл сабақтарға пән мұғалімдері мен әдіскерлер, мектеп басшылары қатысып, сабақтар ашық талданып, студенттерге тиісті ақыл-кеңестер мен ескертулер айтылды.

Оқушылармен етене араласып, оларды ізденімпаздыққа, Отан сүйгіштікке, ұжымшылдыққа тәрбиелеу мақсатында практика барысында студенттер өздері жетекшілік жасаған сыныптарда мынадай ашық тәрбие сағаттарын да өткізді:

- 1.«Нашақорлық-ғасыр дерті »
- 2.«Жамбыл Жабаев-жүз жырлаған»
- 3.«Мұқағали өлеңдері»
- 4.«Әз-Наурызым »

Педагогикалық практиканы қорытындылау мақсатында 2017 жылы 7 наурызда мектептің акт залында 10 сынып оқушылары және басқа да оқушылар қатысуымен «Арулар асыл жандар» атты кеш ұйымдастырылды.

Кештің мақсаты: Аналарымызды ардақтап құрметтеуге, ұлтымыздың, еліміздің болашағы осы аналардың тәрбие тәлімінде екенін насихаттау;

Қызғалдақтай құлпырған қыздарымызға инабатты, ибалы, ізетті қыз болуларын, болашақ батыр, ұлы адамдарды дүниеге әкелуші болашақ абзал аналар екендерін таныту;

Мектеп әкімшілігі 3 студент-практикантты мадақтау қағаздарымен марапаттады және Университетімізге алғыс хат берілді.

Есеп беруші: Топ жетекшісі және әдіскер

Ирkitбаев С.Н.

Кафедра меңгерушісі

Сабденалиева Г.М.